



«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
Қазақ-түрік университетінің ректоры  
Ж.Темірбекова  
2024 ж.

## САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ҚЫЗМЕТТІК НҰСҚАУ  
ҚН-УК-064/05-2024


### КАФЕДРА ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТІК НҰСҚАУЫ

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. Терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасымен  
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлегендер – Кафедра меңгерушісі Э.Тулешова, А.Ускенбаева
3. Келісілді – Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова  
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов  
– Адам ресурстарын басқару бөлімінің  
басшысы м.а. Ж.Сыздықова  
– Стратегиялық даму, рейтинг және  
сапа орталығының басшысы С.Кырыкбаева
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2024 ж.
5. Тексеру мерзімі – 2026 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>ҚН-УК-064/05-2024</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Қызметтік нұсқауы</b>	
<b>Кафедра оқытушысының қызметтік нұсқауы</b>		<b>5 беттің 2-беті</b>

## **1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасының оқытушысы кафедрадағы оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, емдеу және тәрбие жұмыстарының сапасын қамтамасыз етеді.

1.2. Оқытушы өз қызметінде ҚР заңдарын, соның ішінде «Білім туралы» заңын, ҚР МЖМБС, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік-құқықтық құжаттарын, университет Жарғысын, университет ректорының бұйрығы мен өкімдерін, университеттің нормативтік актілері мен өкімдерін басшылыққа алады.

1.3. Оқытушы қызметіне кафедра меңгерушісінің және факультет деканының ұсынысымен, оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-ректорының келісімімен, университет ректорының бұйрығымен тағайындалады және жұмыстан шығарылады.

1.4. Оқытушы тікелей кафедра меңгерушісіне бағынады, тікелей басшысының ауызша және жазбаша тапсырмаларын орындауға міндетті.

1.5. Оқытушы қызметінде болмаған ретте оның оқу жүктемесі кафедраның меңгерушісінің шешімімен басқа тұлғаға жүктеледі.

## **2 БІЛКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ**

2.1. Оқытушы қызметіне жоғары білімі (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) немесе магистр академиялық дәрежесінің болуы, немесе мамандығы бойынша практикалық жұмыстағы өтілі кемінде 1 жылдан кем болмауы тиіс.

2.2. Оқытушы білуге тиіс:

- ҚР Конституциясын;
- ҚР «Білім туралы» заңын;
- ҚР «Ғылым туралы» заңын;
- ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңын;
- «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңын;
- Басқа да білім беру саласының нормативтік-құқықтық актілерін;
- Білім беру жүйесін басқару теориясы мен әдістемесін;
- Оқу жоспарларын дайындау тәртібін;
- Оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережесін;
- Кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіптік білім беру әдістемесін;
- Студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі формалары мен әдістерін, экономика негіздерін, еңбек заңдарын ;
- Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын;
- Университет Жарғысын;
- Қызметтік этиканы;
- Сапа менеджменті жүйесінің талаптарын;
- Осы қызметтік нұсқауды;
- Университеттің ішкі еңбек тәртіп ережесін;
- Кафедра туралы Ережені.

2.3. Оқытушы бекітілген тәртіпке сай атқаратын қызметінің сәйкестілігі бойынша аттестациялаудан өтеді.

## **3 МІНДЕТТЕР**

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>ҚН-УК-064/05-2024</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Қызметтік нұсқауы</b>	
<b>Кафедра оқытушысының қызметтік нұсқауы</b>		<b>5 беттің 3-беті</b>

- 3.1. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде, жұмыс бағдарламаларын әзірлеуге қатысу;
- 3.2. Оқу сабақтарын жұмыс оқу жоспарына сәйкес өткізіп, сабақ өткізудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге;
- 3.3. Оқылатын пәндерді кешенді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету үшін оқу құралдарын, оқу әдістемелік нұсқаулар дайындауға;
- 3.4. Жаңа оқу технологияларын дайындауға және қолдануға, оқытудың техникалық әдістерін ендіруге;
- 3.5. Талап етілген есептер мен құжаттарды мерзімінде дайындап беруге;
- 3.6. Студенттердің ізденушілік талдау және олардың ойлаушылық нәтижелерін қалыптастыру қабілеттерін дамытуға бағытталған өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруға және оқу әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге;
- 3.7. Оқу үрдісі барысында, студенттердің аралық және қорытынды білімін бақылау мақсатында, курстық сынақ және емтихан қабылдау жұмыстарын жүргізуге;
- 3.8. Оқу-әдістемелік, ғылыми зерттеу, тәрбие жұмыстары бойынша дербес жылдық жоспар құрып, іске асыруды;
- 3.9. Клиниканың емдеу жұмыстарына қатысуға және басшылық етуге, ассистенттермен бірге науқастарды қарауға, консилиум өткізуге, науқастарға консультация жасауға, дәрігерлік конференцияларға, семинарларға қатысуға және баяндамалар дайындауға;
- 3.10. Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша дербес жұмыс жоспарына сәйкес жүргізген жұмыстарын кафедраға талқылауға ұсынып, сол бойынша есеп беруге;
- 3.11. Ғылыми педагогикалық білімін көтеруге, педагогикалық этика нормаларын сақтауға;
- 3.12. Студенттермен тәрбие жұмыстарын жасауға;
- 3.13. Студенттерді кафедра, факультет және университет ауқымында өткізілетін түрлі қоғамдық шараларға белсенді қатыстыруға, ынталандыруға;
- 3.14. Студенттердің жеке тұлғасы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 3.15. Өзінің жүктемесіндегі жоспарланған жұмыс сағатын бұлжытпай толық орындауға;
- 3.16. Еңбек және орындаушылық тәртібін сақтауға;
- 3.17. Ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысуға;
- 3.18. Ұжымда сыйластық принциптерді, іскерлік қарым-қатынасты қалыптастыруға, кафедра қызметінің барлық бағыттарында адал ниетпен жұмыс істеуге;
- 3.19. Қызметтік мәліметтердің құпиялығын қамтамасыз етуге;
- 3.20. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға.

#### **4 ҚҰҚЫҒЫ**

- 4.1. Өз қызметіне қатысы бар университет басшыларының шешімдерінің жобаларымен танысуға;
- 4.2. Өз міндеттеріне байланысты жұмысын жетілдіру бойынша университет басшыларының қарауына ұсыныстар енгізуге;
- 4.3. Кәсіптік қызмет үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілуге;
- 4.4. Жұмыстан қол үзе отырып, университет қаражаты есебінен 5 жылда бір рет ұзақтығы 4 айдан аспайтын уақытта өзінің біліктілігін арттыруға;
- 4.5. Өзінің кәсіптік беделін қорғауға;
- 4.6. Белгіленген тәртіппен халықаралық және республикалық конференцияларға қатысуға;

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>ҚН-УК-064/05-2024</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Қызметтік нұсқауы</b>	
<b>Кафедра оқытушысының қызметтік нұсқауы</b>		<b>5 беттің 4-беті</b>

4.7. Белгіленген тәртіппен халықаралық, республикалық конференцияларға қатысуға;

4.8. Ғылым және білім беру қызметіндегі табыстары үшін материалдық бағалауына, орден, медальдармен, құрметті атақтармен және грамоталармен марапатталуға;

4.9. Белгіленген тәртіппен университет әкімшілігінің өкімдері мен бұйрықтарына шағым беруге.

## **5 ЖАУАПКЕРШІЛІК**

5.1. Қызметтік міндеттерін орындамаған жағдайда;

5.2. Өзіне қатысты жұмыстарының деңгейі төмен болғанда;

5.3. Кафедраның материалды-техникалық базасын мақсатқа сай емес қолданған жағдайда;

5.4. Жұмыстың сапасыздығына және жұмыс барысында жіберілген қателіктерге, сонымен қатар Қазақстан Республикасының іске қосылған заңына сәйкес өз міндетіне және құзырлығына кіретін шешімдерді қабылдамағанда;

5.5. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтамаған жағдайда;

5.6. Қызметтік этиканы сақтамаған жағдайда;

5.7. Еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияларды, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткен жағдайда;

5.8. Университет жарғысын, құқықтық актілерде, кафедра туралы ережедегі және қызметтік нұсқаудағы көрсетілген міндеттерін орындамаған жағдайда;

5.9. Қызмет барысында ҚР «Еңбек кодексінде» көрсетілген өзінің қызметтік міндеттерін орындау үрдісінде жіберілген басқа да құқық бұзушылықтары үшін.

5.10. Қызмет барысында өзіне сеніп тапсырған университет мүліктерінің материалдық құндылықтарының сақталуын қамтамасыз етпесе, онда оның орнын қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіпті толтырады.

## **КЕЛІСІЛДІ**

**Академиялық мәселелер вице-ректоры**

**Э.Идрисова**

**Заң бөлімінің басшысы**

**Г.Мусаханов**

**Адам ресурстарын басқару бөлімінің  
басшысы м.а.**

**Ж.Сыздықова**

**Стратегиялық даму, рейтинг және сапа  
орталығының басшысы**

**С.Қырықбаева**

